

Қамқоршылық кеңес отырысының

Өткізілген оры: №34 көп салалы мектеп-гимназия

№4 Хаттамасы

Атырау қаласы

24.11.2022ж

Қатысқандар- 6

Қатыспағанадар-:3

1. Насиева А.А- ҚК төрайымы
- 2.Бактыгереева А-мүше
- 3.Сабитов Ә.М-мүше
- 4.Сейткалиев Д.Н-мүше
- 5.Сарсенов Р:Н-мүше
- 6.Тлегенова Н-мүше
7. Елеуов С.К –мүше-қатыспаған
8. Газимов А.С-мүше-қатыспаған
9. Қатешова М.А-мүше-қатыспаған

Күн тәртібінде

1. 2022-2023 оқу жылы бойынша «Қамқоршылық кеңес» мүшелерін тағайындау.
2. «Жалпы білім беру қорынан» бөлінген қаражат туралы ақпарат
3. Қазақстан Республкасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64қаулысы өзгерісі туралы таныстыру.

Тыңдалды:

Әлеуметтік педагог: 2022-2023 оқу жылында Қамқоршылық кеңес мүшелерінің басқа облысқа қоныс аударуына және же жұмыс баптарына сай, 7 мүше кетіп оның орнына 7 мүше тағайындалды.

ҚК кеңес мүшесі боп Насиева А.А, бұрын мектептің қоғамдық жұмысы бойынша белсендік танытып, алдыңғы қатарда жүрген ата-анамыздың бірі. Өзінің ҚК мүшесінің төрайымы болуына еш қарсы емес екендігін айтып өткен.

Комиссия мүшелері бірауыздан қолдайтындықтарын айтып, жұмысына сәттілік тіледі.

Әлеуметтік-педагог өз есебінде 2022-2023 оқу жылына әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушылардың құжаттарын жинақтау 01.08.22 жылы басталып 15.09.22 жылы қабылдау тоқталды. Қабылданған өтініштер құжаттарына сай болу қабылданды. Бүгінгі күні мектебімізде әлеуметтік көмекке мұқтаж 57 оқушының құжаттары жинақталып, қаржылай ата-анасының жеке есеп шотына 37 389 (отыз жеті мың үш жүз сексен тоғыз тенге) ақша аудару үшін жұмыс жасалынды. Аталған оқушылардың тізімі қалалық білім беру бөліміне жіберілген болатын. Осы тізім бойынша қалалық білім бөлімі жанынан, біздің мектепке 2 миллион 31000 мың тенге қаража аударылды. Ата-аналардың есеп шоттары толықтай жиналғасын, мектептің бас есепші маманымен біріге отыра, 20 қазан күні қаржат аударылып, ата-аналар тарапынан қаражаттары есеп шоттарына түскендігі туралы қол хат алынды. Алдағы уақытта № 64 қаулысын басшылыққа алып әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушыларымызды анықтап, жұмыс жүргізілетіндігін ата өтті.

Қамқоршы кеңес төрайымы: А.Насиева - Бүгінгі күні «Қамқоршылық кеңес» мүшелерінің белгілі себептермен келмей отырған мүшелерге, бүгінгі отырыстағы айтылған жаңалықтарды, пікірлескен ойларды жеткізуді сұраймын. Жасалған жұмыстарға жоғары баға бере отырып, 2022-2023 оқу жылына педагогикалық ұжымға сәттілік, толағай табыс тілей отырып, алдағы уақытта жоспар бойынша жұмыс жасалады деген ойдамын.

Сөз кезегін ҚК мүшесі Д.Сейткалиев алып: алдағы уақытта қайырымдылық акциялар, мектеп-түлектермен білесе отырып көптеген идеяларды ортаға сала отырып, мектептің жоғары сынып оқушыларына мамандық туралы әр түрлі ашық есік күндерін өткізу, мекеме орындарына шолу жасау.

Асхана бойынша оқушылардың уақытыла тамақтануын қадағалау. Бракеражды комиссияның анықтамасын тыңдау. Уақытылы зерделеу жұмыстарын жүргізіп отыру.

ҚК мүшесі Н.Тлегенова сөз алып: -Мектепте оқып білім алып жатырған мүмдігі шектеулі оқушыларды кез-келген сайысқа қатыстырта отырып, жақсы игілі істерді осы балаларға жасаудан басталсын деп шешімін білдірді.

Шешім:


1. «Қамқоршылық кеңес» мүшелерінің келесі отырыста толық болуы.
2. Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға барынша психологиялық қолдау көрсету
3. Қайырымдық іс-шаралады жандандыру.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



Насиева А.А

ҚК хатшысы:



А.Кадыржанова